

Шәуілдір ауыл округі, Шәуілдір ауылы С.Сейфуллин және Б.Төребеков көшелерінің қиылысына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауыл округі әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 20 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 6116 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауыл округі әкімінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № 68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауыл округі әкімінің 07.07.2021 № 68 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Отырар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 17 наурыздағы № 93 хатына сәйкес, Шәуілдір ауыл округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бруцеллез" ауруының шығуына байланысты Шәуілдір ауыл округі, Шәуілдір ауылы С.Сейфуллин және Б.Төребеков көшелерінің қиылысына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Отырар ауданы әкімдігінің "Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Отырар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК